

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Торайғыров университеті» КЕАҚ докторантты  
М.К. Суюндикованың «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың  
ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

p/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>1.1 Докторанттың «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандығы № 726 Қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында білім алушылардың білім сапасын арттыру мен цифровық экономика үшін адам капиталын дамыту міндеттері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустрiadы-инновациялық дамытушының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инновациялық экономикаға көшу үшін кадрларды даярлау қажеттілігі баса көрсетілген. Докторант М.К. Суюндикованың даярлаған диссертациялық жұмысы республиканың білім саясатының негізгі мақсаттарына және Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының 10 басым бағыттарының ішіндегі «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертациялық жұмыс шенберінде жасалған зерттеу жұмысы ғылымға айтарлық үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. Өйткені Қазақстан Республикасында индустрiadы-инновациялық, оның ішінде креативті индустрияны дамыту мақсаты қойылғанымен, оған қажет мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарында студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруға

			<p>оку бағдарламалары қаастырылмаған, отандық зерттеушілер тарарапынан креативтік ойлау тақырыбы бойынша зерттеулер аз жүргізілген және жалпы оку үдерісінде студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру міндеті қойылмаған. Осыған байланысты докторант зерттеу жұмысында келесі қайшылықтар анықтаған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– оку үдерісінде теориялық білім мен ойлаудың практикалық дағдылары арасында;</li> <li>– жоғары оку орнында сабактың дәстүрлі әдіспен жүргізілуі студенттің шығармашылық әлеуетін іс жүзінде толыққанды пайдалану мүмкіндігін шектеуі мен студенттің креативті тұлға сапасында қалыптасуы қажеттілігі арасында;</li> <li>– қазіргі қоғамның креативті ойлай алатын маманға деген сұранысы мен жоғары оку орнының шығармашылық қабілеті жеткілікті дамымаған түлектерден тұратын ұсынысы арасында;</li> <li>– жоғары білім беру үдерісінде студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруды қамтамасыз ететін әдіснама қажеттілігі мен оқыту әдіс-тәсілдерінің жете таңдалмауы арасында.</li> </ul> <p>Аталған қайшылықтардың ғылыми тұрғыдан тапқан оңтайлы шешімі зерттеудің маңыздылығын толық көрсетеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) тәмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Докторант М.К. Суюндикова диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Өзі жазу деңгейі – жоғары. Жазудың жоғары деңгейі докторанттың ғылыми әдебиетпен, нормативтік құжаттармен жасаған жұмысында, тұжырымдамаларында, диагностикалық инструментарияларды іріктеуінде, зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдауында, қорытындыларында көрініс тапқан. Барлық талданған ақпарат дербес, түсінікті, өзара үйлесімді және бұл автордың диссертация жазудағы</p>

			жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігінің дәлелі.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген</li> </ol>	<p>4.1 Диссертация тақырыбының өзектілігі негізделген. Докторант ғылыми негіздемесін құруда іргелі шетелдік пен отандық зерттеушілердің енбектеріне, деректі маглұматтарға талдау жасап, таңдаған тақырыбының көкейтестілігін анықтаған. Креативтік ойлауды арттыратын амалдардың, технологиялар кешенінің жете таңдалмауы, студенттердің креативтік ойлау қабілетін зерттеуде олардың жеке мүмкіндіктерінің ескерілмеуі, мәселенің көкейкесті екендігін білдіреді. Осы тұрғыдан қарғанда Суюндикова Маргисат Кабиденовнаның «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты диссертациялық жұмысы бүгінгі қоғамның сұранысынан туындалап отырған өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындауды;</li> <li>2) жартылай айқындауды;</li> <li>3) айқындаамайды</li> </ol>	<p>4.2 Диссертация мазмұныны диссертация тақырыбын только көлемде айқындауды. Диссертация кіріспеден, уш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындауды.</p>
		<p>4.3.Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>4.3 Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты - студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың теориялық негіздерін айқындау және оны әдіснамалық тұрғыдан дәлелдей, тиімділігін тәжірибеден өткізу. Зерттеу міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, студенттердің креативтік ойлау іс-эрекетіне жеткізу әдіснамасын саралаумен, креативтік ойлау үдерісінің мәнін және креативтік ойлау траекториясын айқындаумен, креативтік ойлау іс-эрекетіне жеткізу амалдарын анықтаумен, ілгерілеу</p>

		<p>үдерісін қамтамасыз ететін тәсілдерін сұрыптаумен, студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру технологиясын іріктеумен, «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбына модель түзумен және оның тиімділігін анықтау үшін эксперименталды-тәжірибеден еткізумен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық түргыдан толық байланысқан. Докторантнің зерттеуіндегі алынған нәтижелер бір-бірімен сабактас, ішкі бірлігі, логикалық жүйелігі айқын, сондай-ақ зерттеу жұмысының бөлімдері дәйекті түрде бір-бірімен үштасып, қойылған зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындаі туследі. Докторант М.К. Суюндикова өз зерттеуінің бөлімдерін өзара тығыз байланысты бірынғай жүйемен құрастырып жазған. Әр бөлімнің ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте сипатталып нақты тұжырымдармен баяндалған. Сонымен қатар, эксперимент барысында алынған нәтижелер бастапқы болжамның ұстанымын негізге ала отырып статистикалық көрсеткіштермен тексерілген.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сынни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Докторант М.К. Суюндикова ұсынған жаңа шешімдер (атап көрсетсек, ол - «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты моделі, «Креативтік ойлаудың теориялық негіздері» атты элективтік курс бағдарламасы, креативтік ойлаудың өлшемшарттары, іріктелген әдістәсілдері мен білімдену технологиялары дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып сынни талдау арқылы бағаланған. Докторанттың зерттеу барысында алған нәтижелері теориялық және практикалық жағынан маңызды болып саналады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстар</p>

			оқытушылар мен бакалавриат мамандықтарындағы студенттер үшін пайдаласы мол.
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.1 Диссертацияда келтірілген фылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа деп сипаттаймыз. <i>Бірінші ғылыми нәтижесе жаңа.</i> Себебі, докторант отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың зерттеулеріне жан-жақты талдау жасап, нәтижесінде студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетін фылыми негізде құрудың әдіснамасын іріктеп, фылыми-теориялық негіздерін айқындаған.</p> <p><i>Екінші ғылыми нәтижесе жаңа.</i> Студенттердің креативті тұлғалық болмысының негізін құрайтын компоненттері (психологиялық, экзистенционалдық, мотивациялық, эмоционалдық, коммуникативтік тұрғыдан) анықталып, олардың креативтік ойлаудағы маңызы нақтыланған.</p> <p><i>Үшінші ғылыми нәтижесе жаңа.</i> Жұмыста докторант алғаш рет креативтік ойлаудың алғышарты болып табылатын ойлау түрлерін айқындаған, фылыми түрде негіздеген. Студенттің креативтік ойлаудың алғышарты болып табылатын ойлау түрлерін теориялық және практикалық тұрғыдан менгеруі барысында креативтік іс-әрекетке ынталы болатыны, оны креативтік ойлауға жеткізетінін ойлаудағыларының қалыптасатыны дәлелденген. Креативтік ойлау - ойлау түрлері комбинациясының трансформациясы деген ой ұсынылған.</p> <p><i>Төртінші ғылыми нәтижесе жаңа.</i> Студенттердің креативтік ойлауға жеткізетін амалдарға үмсіндіру қажеттілігін ескере отырып, ойлау кезеңдері мен түрлеріне сай келетін әдіс-тәсілдер іріктелген, жүйеге келтірілген, маңызы ашылған.</p> <p><i>Бесінші ғылыми нәтижесе жаңа.</i> Докторант оку үдерісінде түсіндіруден түсінуге, монологтан диалогқа, бақылаудан дамуға,</p>

			<p>басқарудан өзін-өзі басқаруға ауысады жүзеге асырғанда студентке ментальды еркіндік беріліп, креативтік қабілетін арттыруға мүмкіндік туындастынын негізге алып, білімдену технологияларын іріктеген.</p> <p><i>Алтыншы гылыми нағтиже жаңа.</i></p> <p>Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың гылыми-теориялық негіздерінің моделі түзілген.</p> <p><i>Жетінші гылыми нағтиже жаңа.</i></p> <p>Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру моделі оку үдерісіне енгізілген, тиімділігі эксперименталды анықталған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.2 Диссертация қорытындылары эксперименталды-тәжірибелік жұмыстың сандық және сапалық талдау нәтижелерімен дәлелденген, толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген, элективтік курс бағдарламасы әзірленіп, Торайғыров университетінің оку үдерісіне енгізілгенімен дәлелденген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертация негізгі нәтижелері мен барлық қорытындылары зерттеудің жетекші идеясы, мақсаты мен міндеттеріне ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерге негізделген:</p> <p>1. Жоғары оку орнының оку үдерісінде студенттің креативтік болмысын қалыптастыру, тұлғалық даралығын ескеру және оған басымдық беру, ішкі мотивациясының пайда болуына септігін тигізу, ментальды тәуелсіз болуына тұртқі болу маңыздылығы айшықталған.</p>

			<p>2. Студент өзінің креативтік ойлау қабілетін арттыру үшін ойлау өнерін менгеруге ниеттенудің мәні негізделген.</p> <p>3. Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру мәселесін айқындау барысында студенттердің танымдық-психологиялық қабілеттерін жаңа білім мен ғылымға байланысты зерделенген.</p> <p>4. Студенттердің тұлғалық, ойлау ерекшеліктерін даралайтын амалдар жіктелген.</p> <p>5. Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруда қолданылатын білімдену технологиялары инновациялық тұрғыдан қарастырылып іріктелген.</p> <p>6. Ұсынылған модельдің мақсаттық, концептуалдық, процессуалдық және инструменталдық деңгейлері мазмұнының жүзеге асырылуы нәтижесінде креативтік деңгейге жетуі «креативтік қабілетін арттыра алатын студент» деген нәтижеге әкелу мүмкіндігі айқындалған.</p> <p>Диссертациясының негізгі қағидатары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген енбектерінде көрініс тапқан.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>7.1 Диссертациялық зерттеудің барлық қағидаттары теориялық тұрғыдан, зерттеудің ғылыми аппаратының логикалығымен, педагогикалық экспериментті өткізу талаптарының орындалуымен, зерттеу қорытындыларымен толығымен дәлелденді.</p> <p>7.2 Корғауға шығарылған негізгі тұжырымдар, қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Корғауға шығарылған негізгі тұжырымдар, қағидаттар жаңа және олар ғылыми басылымдармен дәлелденген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі - кең.</p> <p>7.5 Иә. Scopus мәліметтер базасына енгізілген журналда – 1 мақала, ҚР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда – 3 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық</p>

		1) иә; 2) жок	конференцияларда – 2 мақала жарық көрген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	8.1 Әдіснама негізделген және нақты жазылған. Докторант зерттеу жұмысында студенттердің креативтік қабілетін арттыруда түлға даралығы, гуманистік, жүйелілік, білімдену, вариативтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік қағидаларын негізге алынған және теория мен тәжірибе байланысы орын алған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жок	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған. Зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; зерттеу мәселесі бойынша нормативтік, заннамалық құжаттарды оку және талдау; модельдеу; педагогикалық тәжірибелерге сараптама жасау және корыту; саулнама әдістері (саулнама жүргізу, әнгімелесу, тестілеу); педагогикалық эксперимент, эксперименттік мәліметтерді өндөудің математикалық статистика әдістері қолданылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылыштар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жок	8.3 Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және занылыштар педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген. Эксперименталдық-тәжірибелік жұмыс барысында алынған нәтижелер студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру тиімділігін дәлелдейген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты	8.4 Диссертация тақырыбына қатысты философиялық,

		<p>және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>психологиялық, педагогикалық енбектер, реңми құжаттар, шетелдік ғалымдардың ғылыми ізденістері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 224 әдебиет көрсетілген және әдеби шолуға жеткілікті болып табылады.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) иә;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>9.1 Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар және ол студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздерін, креативтік ойлау қабілетін арттыру түлғалық, іс-әрекеттік, рефлексивтік түрғыдан қарастырылуын, өлшемшарттарының анықталуын, студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың теориялық моделін жасауды қамтиды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) иә;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>9.2 Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жасалған және оку үдерісіне енгізілген элективтік курс бағдарламасы студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруға бағытталған.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75%)</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Автордың ұсынған «Креативтік ойлаудың теориялық негіздері» элективтік курсын және «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру негіздері» оку құралын жоғары оку орындарының барлық мамандықтарына енгізуі студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруға жақсы мүмкіндік береді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары, диссертациялық жұмыс мәтін құрылымы мен оны оны ресімдеу талаптарына сәйкес орындалған.</p>

Суюндикова Маргисат Кабиденовнаның «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы теориялық және практикалық маңыздылығы бар аякталған ғылыми зерттеу болып табылады.

М.К. Суюндикованың диссертациялық жұмысына оң бага берे отырып, келесі ескертулерді көлтіреміз.

1. Диссертациялық жұмыстың 1.2 тарауында берілген зерттеу материалын ықшамдаң беруге болады.

2. Жұмыста кейбір техникалық көтеліктер орын алған.

Аталған ескертулер жүргізілген зерттеулер мен алған иәтижелердің маңыздылығын еш түсірмейді.

Суюндикова Маргисат Кабиденовнаның «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзінің өзектілігімен, ғылыми жаңапылдығымен, жүргізілген зерттеу көлемімен диссертациялық зерттеу жұмысының таланттарына толық сәйкес келеді. Айтылғаниның негізінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жогары білім министрлігінің Ғылым және жогары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің алдында докторант Суюндикова Маргисат Кабиденовнаға 8D011 (6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы) кадрларды даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруін колдаймын.

**Ресми рецензент:**

6D010300 – «Педагогика және психология»

мамандығы бойынша (PhD) философия

докторы, Ы.Алтынсарин атындағы

Үлттық білім академиясы Психология,

тәрбие және тұлғаны дамыту орталығының

бас саранинысы

Б.К. Сактағанов

